

2. Красная книга Казахстана. Позвоночные животные.-Алматы, 2010. -327 с.

Такенова Г.Е., Кентбаева Б.А., Байбатшанов М.К.

ШАРЫН МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ БАҒЫНДАҒЫ ТАУ ТЕКЕНІҢ САН МӨЛШЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

Мақалада Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи бағындағы тау текенің сан мөлшері және оларға әсер ететін факторлар қарастырылған.

Ключевые слова: Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи бағы, тау теке, жануарлар дүниесі, сүтқоректілер, әсер ететін факторлар.

Takenova G.E., Kentbaeva B.A., Baybatshanov M.K.

BIOLOGICAL DIVERSITY OF MAMMAL FAUNA WITHIN STATE PROTECTION INSTITUTIONS MOYINKUM FOREST AND WILDLIFE

The article discusses the biological diversity of mammalian fauna in the territory of a state institution for the protection of forests and Moyinkum wildlife

Keywords: biological diversity, mammals, birds, red book.

ӘОЖ 639.1

Талапхан К., Кентбаев Е.Ж., Байбатшанов М.К.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

КӨЛСАЙ КӨЛДЕРІ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРКІ АУМАҒЫНДАҒЫ ЖАНУАРЛАР МЕН ҚҰСТАР САНЫ

Андатпа

Мақалада Көлсай көлдері мемлекеттік ұлттық табиғи паркі мемлекеттік мекемесі аумағында мекендейтін сүтқоректілердің санының өсу динамикасы қарастырылған.

Кілт сөздер: Көлсай көлі, Тянь-шань тау бөктері, жануарлар дүниесі, сүтқоректілер, марал.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының биотүрлілігін сақтауда, өзінің аумағының кеңдігімен дүниежүзінде тоғызыншы және көршілес Орта-Азия мемлекеттерінің төртеуінен көлемділігімен басым болуы, экологиялық жүйесі және биологиялық түрлерінің түрлілігімен ғаламдық деңгейде ерекше орын алады. «Көлсай көлдері» ұлттық парк аумағында теңіз деңгейінен 1800-3500 метрдей биіктікте орналасқан, жануарлар мен өсімдік әлеміне бай, сонымен қатар, сирек және жоғалып бара жатқан өсімдік пен жануарлар түрлері кездеседі. Табиғи ортаның жабайы күйі, адамдардың қол тимеген жекелеген бөліктері де сақталған. Көне мәдениеттік мұраның орындары бар [1].

Ұлттық парктің жері, табиғи – ауа райы жағдайынан таулық ландшафт тобына жатады. Әкімшілік қатынаста ұлттық парк аумағы Райымбек ауданының батыс бөлігінде және Алматы облысы Талғар ауданының шығыс аумағы кіреді. Ұлттық парк

аумағындағы елді мекен Райымбек ауданы бойынша ғана орналасқан, олар: Саты, Күрметі, Қарабұлақ және Алғабас ауылдары.

Күнгей Алатауының солтүстік беткейінің флорасы мен өсімдіктер жамылғысын зерттеу XIX ғасырдың ортасы мен аяғындағы географтар, ботаниктер, зоологтар П.П. Семенов; Н.А. Северцова, А.Н. Красновтардың зерттеу саяхаттарынан бастау алады. XX ғасырдың 20-30 жылдары бірқатар ботаниктер осы аймақта жұмыс атқарған. Р.И. Аболин (1930) жұмыстарында Тянь-Шань тауының солтүстігі мен шығысының, атап айтқанда Күнгей-Алатауының биіктік белдеулері мен тіршілік аймақтарының зерттеу нәтижелері баяндалған. Күнгей-Алатауының флорасы мен өсімдіктерін зерттеуде үлкен үлес қосқан С.А. Арыстанғалиев болды, ол 1952-1954 ж.ж. аралығында осы аймақта үздіксіз зерттеулер жүргізген. Осы зерттеулер нәтижесінде жазылған ірі мақалалар, осы күнге дейінгі Күнгей-Алатауының флорасы мен өсімдіктері туралы сипаттамалардың толығы және нақтысы болып саналады [2].

Кейінгі кезде Солтүстік Тянь-Шань биіктаулыларының флорасын зерттеуге аса мән беріліп жүр. Соның ішінде Күнгей Алатауы да бар (Байтенов, 1982, 1985), сонымен қатар, осы тау жотасының өсімдіктерін карталау, бұл қорытынды материалдар авторлар қауымдастығымен (Ладыгина, Рачковская, Сафронова, 1995) «Карта растительности Казахстана и Средней Азии» кітабына енгізілген.

Жануарлардың түрлері мен олардың сандарының ауытқуы, түрлердің дамуы мен олардағы өзгерістер туралы 2007 жылдан бастап аңдар есепке алынып «Табиғат жылнамасы» жасалуда [3].

«Көлсай көлдері» МҰТП жерінде 226 жануарлар түрі кездеседі. Қазақстандағы жануарлардың біздің ұлттық парк аймағының жануарлары 21% құрайды. Осы аталған жан-жануарлардың ҚР Қызыл кітабына енген сүтқоректілердің 6 түрі, құстардың 14-түрі бар (1-кесте). ҚР Қызыл кітабына енген жануарлар түрлерінің 17% МҰТП аумағында кездеседі. Сүтқоректілердің 29 түрі, жәндіктердің 15%, қанаттылар 6%, жыртқыштар 3%, кеміргіштер 3%, аша тұяқтылар 3%. Омыртқалы жануарлардың ең көп санын құрайтын құстар әлемі. Орманда мекен ететін 197 түрі бар. Оның ішінде орманда мекендейтін 82 түрі кездеседі. Омыртқасыздардың 3 түрі, қос мекенділердің 3 түрі, бауырмен жорғалаушылардың 2 түрі бар. Жәндіктердің 735 түрі бар [4].

1-кесте. «Көлсай көлдері» МҰТП-дегі 2007-2014 жылдардағы құстар саны

Реті	Құстар	Жылдар							
		2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014
1	Құр	2700	2700	2710	2710	2710	2710	2710	2710
2	Қырғауыл	2100	2100	2300	2300	1500	1500	1300	1300
3	Кекілік	2800	2800	2900	2900	2000	2000	1800	1800
4	Сақалды шіл	3500	3500	3500	3500	3500	2800	2800	2800
5	Бөдене	4000	4000	4800	4800	4800	4800	4800	4800
6	Сарала қаз	900	900	900	900	900	900	900	900
7	Гималай ұлары	1900	1900	1920	1920	1920	1920	1800	1800
8	Кідімгі түркептер	1300	1300	1300	1300	1300	1300	1300	1300
9	Құз кептер	2100	2100	2100	2100	2100	2100	2100	2100
10	Көк кептер	2400	2400	2400	2400	2400	2400	2400	2400
11	Бүркіт	48	48	50	50	50	52	12	12
12	Құмай	45	45	48	48	48	50	45	45
13	Көкқұс	143	143	43	43	43	40	40	40
14	Үкі	82	82	55	55	55	50	50	50

«Көлсай көлдері» МҰТП аумағында жерсіндірілген сүтқоректілер түрлері. 60-шы жылдары Күнгей Алатауындағы Күрметі аумағының жанында бұғының 53 түрі

жерсіндіруге жіберілген, өз-өзінен жоғалып кетті. Сонымен қатар, жерсіндіруге жіберілген ақ тиін Күнгей Алатауындағы шыршалы аймаққа көп таралды (2-кесте).

Ұлттық табиғи парк аумағында сүтқоректі жануарлардың 29 түрі мекендейді. Тау белдеулерінің бөктерінде 17 түрі кездеседі. Орманды белдеулерде 24 түрі және Альпалық Тянь-Шань аймағында 16 түрі бар.

2-кесте. Жануарлар санының динамикасы

Реті	Жануарлар түрі	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014
1	Марал	275	275	350	350	640	642	640	648
2	Елік	550	550	420	420	495	512	360	397
3	Сібір таутекесі	600	600	680	680	692	702	670	648
4	Жабайы шошқа	450	450	550	550	564	585	603	616
5	Сары суыр	8500	8500	9500	9500	9500	9500	7224	7224
6	Қасқыр	300	300	175	175	80	85	85	85
7	Түлкі	275	275	275	275	275	275	124	124
8	Борсық	400	400	410	410	410	410	399	399
9	Қоян	2150	2150	2300	2300	2300	2300	2088	2088
10	Тянь-Шань қоңыр аюы	25	25	28	28	28	29	16	16
11	Барыс	12	12	12	12	7	5	2	3
12	Орта Азия сілеусіні	150	105	105	105	110	110	55	55
13	Тянь-Шань арқары	30	30	35	35	22	20	22	22

Аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлері бойынша жылда есептер жүргізіледі (3-кесте).

3-кесте. Аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлері бойынша есебінің деректер 01.10.2009ж.

№ п/п	Жабайы жануарлар түрлері	Есептелген жабайы жануарлар саны	Оның ішінде			
			Еркегі	%	Ұрғашысы	%
1	Марал	350	103	29	140	40
2	Тау ешкі	680	201	30	245	36
3	Елік	620	205	33	270	44
4	Қабан	550	110	20	195	35

Табиғат пайдаланудан жергілікті тұрғындармен өзара пайдалы тығыз байланыс бар, шектеулі шаруашылық аймағына оларға рұқсат етіледі: кеспе ағаштан тыс қоқымдарды жинау есебінен отқа жағатын отын, шөп шабу, бекітілген нормалар бойынша мал жаю, т.б. Тұрғылықты жергілікті халықтар өсімдіктер мен жануарлар әлемінің сақталуына және молықтыруына қызығушылық білдіруде.

Жүйелі қорғаудың қорытындысында жабайы жануарлардың санының өсуі, көбеюі байқалады. 2007 жылы Тянь-шань қоңыр аюы 20 болса, 2008 жылы 25 басқа көбейген. Ал қар барысы 2007 жылы 10 бас болса, 2008 жылы 12 бас болды. Сондай-ақ арқар 2007 жылы 18 бас болса, 2008 жылы 30 бас болды.

МҰТП аумақтарында теңіз деңгейінен 1800-3500 м биіктіктерде бірегей таулы ландшафтар мен мол көлдер орналасқан, аумақтар фауна мен флораның сирек кездесетін және құруға жақын түрлеріне және өсімдіктер мен жануарларға бай. Жануарлардың құрып кету қаупі бар және аз түрлерінің мекендері мен молықтыру

учаскелері болып аршалы ормандар міндет атқарады. Қазақстанның фаунасының 21%-ы, не болмаса омыртқалы жануарлардың 226 түрі мекендейді. Осыдан Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына сүтқоректілердің 6 түрі және құстардың 13 түрі кіргізілген, яғни Қызыл Кітапқа енгендердің 17%-ын құрайды. Сүтқоректілердің 29 түрі жәндік жегіштер, қол қанаттылар, жыртқыштар, қостұяқтылар және кеміргіштер болып келеді.

Әдебиеттер

1 «Жануарлар әлемін пайдалану және молықтыру, күзету туралы» № 593 09.07. 2004 ж. Қазақстан Республикасының Заңы.

2 «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» 2006 ж 07.07. №175-III Қазақстан Республикасының Заңы.

3 «Көлсай көлдері» МҰТП ММ «Табиғат жылнамасы».

4 «Көлсай көлдері» МҰТП ММ «Техникалық-экономикалық және ғылыми географиялық негіздемесі».

Талапхан К., Кентбаев Е.Ж., Байбатшанов М.К.

КОЛИЧЕСТВО ЖИВОТНЫХ И ПТИЦ НА ТЕРРИТОРИИ ГОСУДАРСТВЕННОГО НАЦИОНАЛЬНОГО ПРИРОДНОГО ПАРКА ОЗЕРА КОЛСАЙ

В статье представлены количество животных и птиц на территории государственного национального природного парка озера колсай. Животный мир так же богат и разнообразен -насчитывает более 226 видов позвоночных животных.

Ключевые слова: озера Колсай, млекопитающие, птицы, красная книга, марал.

Talaphan K., Kentbaev E.Zh. Baybatshanov M. K.

NUMBER OF ANIMALS AND BIRDS ON THE TERRITORY OF STATE NATIONAL NATURAL PARK LAKE KOLSAY

The article presents the number of animals and birds in the territory of the State National Natural Park Lake kolsay. The animal world is as rich and varied -naschityvaet more than 226 species of vertebrates.

Keywords: lake Kolsay, mammals, birds, red book, Mara.

ӘОЖ 639.1

Тойлыбаева Н.Ш., Кентбаев Е.Ж., Байбатшанов М.К.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

МОЙЫНҚҰМ ОРМАНДАРЫ ЖӘНЕ ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ АУМАҒЫНДА ТАБИҒИ ЕРЕКШЕЛІГІНЕ СӘЙКЕС ЖАН-ЖАНУАРЛАРДЫҢ ТАРАЛУЫ

Андатпа

Мақалада Мойынқұм ормандары және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі аумағында табиғи ерекшелігіне сәйкес жан-жануарлардың таралуы мәселелері қарастырылған.